

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»	
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары
	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026 Нұсқа: 2 Парак 1 19-дан	

Келісілді

Ғылыми кеңестің шешімімен

«26» 04 20 26 ж., № 2




Бекітілді

«ҚДСЖМ» КМУ ректоры

А.Ауезова

20 26

**ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАГИСТРАТУРА БОЙЫНША МАГИСТРЛІК
ДИССЕРТАЦИЯНЫ РӘСІМДЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ ОРЫНДАУҒА
ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

			Өзектендіру күні:
ҒЖҚД директоры		Ш.Мойынбаева	« <u>09</u> » <u>02</u> 20 <u>26</u>

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»	
	Ғылым және консалтинг департаменті	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026
	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу кағидалары	Нұсқа:2 Парақ 2 19-дан

МАЗМҰНЫ

1	АНЫҚТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ	3
2	МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	3
3	МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ	4
4	МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ ОРЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР	5
5	МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	7
6	МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ РӘСІМДЕУ	9
7	МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ РӘСІМІ	14
8	ДИССЕРТАЦИЯНЫ ТЕХНИКАЛЫҚ РӘСІМДЕУ БОЙЫНША САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ	16
9	НӘТИЖЕЛЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ	16
1-ҚОСЫМША:	МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ТИТУЛДЫҚ БЕТІН РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ	17
2-ҚОСЫМША:	МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ «МАЗМҰНЫ» ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТІН РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ	18
3-ҚОСЫМША:	МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯҒА ҚОСЫМШАНЫ РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ	19

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»	
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары
	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026 Нұсқа:2 Парақ 3 19-дан	

1 АНЫҚТАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «магистрлік диссертация» ұғымы енгізілген: «магистрлік диссертация» – ғылымның заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген, тандалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселенің теориялық және (немесе) практикалық әзірлемелерін қамтитын магистранттың қорытынды ғылыми жұмысы.

1.2 Магистрлік диссертация ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистрлерді даярлаудың қорытынды кезеңі болып табылады. Ол ғылыми жетекшінің жетекшілігімен нақты өзекті ғылыми мәселе бойынша магистрант жүргізген жеке ғылыми зерттеудің нәтижесін білдіреді.

1.3 Ғылыми-педагогикалық магистратураның магистрлік диссертациясын рәсімдеу қағидалары және оны орындауға қойылатын талаптар – «ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті» ЖШС-нің (бұдан әрі – «ҚДСЖМ» ҚМУ) ЖШС) білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды біліктілік жұмысын магистрлік диссертация түрінде дайындау және қорғау процесінің егжей-тегжейлі сипаттамасы (бұдан әрі – МД). Қағидаларда магистрлік диссертацияның мақсаты мен міндеттері, оның көлеміне, құрылымына, мазмұнына қойылатын талаптар, МД бойынша жұмыстың негізгі кезеңдері және оны қорғау рәсімі сипатталады.

1.4 Магистрлік диссертацияны дайындау және қорғау барысында магистрант өзі таңдаған ғылым саласындағы проблемаларды тұжырымдай және шеше алатын болашақ ғылыми қызметкер ретінде өзінің даярлығы мен кәсіби тұрғыдан қалыптасқандығын көрсетуі тиіс.

1.5 Магистрлік диссертацияның мазмұнына қойылатын талаптар:

1.5.1 зерттеу тақырыбының ғылыми өзектілігін негіздеу;

1.5.2 зерттеудің мақсаты мен нақты міндеттерін тұжырымдау;

1.5.3 зерттеу объектісін айқындау, зерттеу әдістемесін таңдау;

1.5.4 зерттеу барысын сипаттау және алынған нәтижелерді талқылау;

1.5.5 қорытындыларды тұжырымдау және алынған нәтижелерді бағалау;

1.5.6 алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы;

1.5.7 қорғалатын ережелердің теориялық және практикалық маңыздылығы;

1.5.8 тақырыпты ашудағы тәсілдің дербестігі;

1.5.9 өзіндік көзқарасының болуы;

1.5.10 ғылыми зерттеу әдістерін қолдана білу;

1.5.11 қорытындылар мен ұсынымдардың негізділік дәрежесі.

1.6 Магистрлік диссертацияны бағалау критерийлері:

1.6.1 орындалған жұмыстың көлемі;

1.6.2 зерттеудің дербестігі;

1.6.3 жұмыста жаңа технологияларды қолдану;

1.6.4 әдебиетке шолу жасаудың толықтығы және пайдаланылған дереккөздердің заманауилығы;

1.6.5 алынған нәтижелерді ғылыми зерттеулерде, практикалық жұмыста немесе оқу процесінде қолдану мүмкіндігі;

1.6.6 материалды сауатты әрі нақты баяндау;

1.6.7 рәсімдеу сапасы және оның белгіленген талаптарға сәйкестігі;

1.6.8 диссертацияны қорғау кезіндегі баяндаманың сапасы (нақтылығы, сауаттылығы, кәсіби терминдерді қолдана білуі, демонстрациялық материалды рәсімдеу сапасы және т.б.);

1.6.9 қорғау барысында қойылған сұрақтарға және рецензенттің ескертулеріне берілген жауаптардың дұрыстығы мен толықтығы.

2 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Магистрлік диссертация ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттың кәсіби

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»	
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу кағидалары
		СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026 Нұсқа:2 Парақ 4 19-дан

біліктілік деңгейін, ғылыми (практикалық) таным әдіснамасын меңгеру дәрежесін және алған білімдерінің, біліктерінің, дағдылары мен құзыреттерінің тиісті білім беру бағдарламасы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін айқындайды.

2.2 Магистрлік диссертацияны жазу және қорғаудың мақсаты – бітірушінің тиісті магистрлік білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби және жалпы білім беру даярлығының деңгейін, ғылыми таным әдіснамасын меңгеру дәрежесін және алған білімдерінің, біліктерінің, дағдылары мен құзыреттерінің магистратураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігін растау.

2.3 Магистрлік диссертацияны жазу және қорғау міндеттері:

2.3.1 проблеманы дұрыс тұжырымдау, оның зерттелу деңгейін айқындау, зерттелмеген немесе жеткіліксіз зерттелген аспектілерін бөліп көрсету қабілетін көрсету;

2.3.2 проблеманы шешу үшін қажетті және жеткілікті жағдайлар мен әдістерді айқындау қабілетін көрсету;

2.3.3 тиісті білім саласындағы әдебиет көздеріндегі мәліметтерді зерделеу, жинақтау және салыстырмалы талдау жасау қабілетін көрсету;

2.3.4 зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін ғылыми танымның қолданылатын әдістерінің жиынтығын пайдалана отырып, ғылыми зерттеулерді өз бетінше жүргізу қабілетін көрсету;

2.3.5 қорытындыларды өз бетінше негіздеу және алынған нәтижелерді практикалық қолдану мен проблеманы одан әрі зерттеу үшін практикалық ұсынымдар тұжырымдау қабілетін көрсету.

3 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

3.1 Магистрлік диссертация қорытынды аттестаттаудың элементі болып табылады және білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесін бере отырып, білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесінің аяқталуын білдіреді.

3.2 Білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесін алуға арналған магистрлік диссертация магистранттың қорытынды жұмысы болып табылады, оның қорғалуы ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистрлік білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесін аяқтайды. Мазмұны жағынан ол ғылымның белгілі бір пәндік-кәсіби саласындағы дербес зерттеу (ғылыми жұмыс) болып табылады. Онда теориялық ережелер әзірленеді немесе маңызды құқықтық, әлеуметтік-мәдени не экономикалық мәні бар ғылыми-практикалық мәселе шешіледі, сондай-ақ іске асырылуы тиісті салалардың дамуына белгілі бір үлес қосатын ғылыми тұрғыдан негізделген техникалық, шығармашылық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер ұсынылады.

3.3 Магистрлік диссертация ғылыми-педагогикалық магистратура бітірушісінің магистратура бағдарламасының оқу пәндерін меңгеру барысында алған білімдерін, біліктерін, дағдылары мен тұлғалық құзыреттерін тексеруге бағытталған, сондай-ақ ғылыми-зерттеу құзыреттерін, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеттерін қалыптастырады.

3.4 Әдістемелік тұрғыдан магистрлік диссертация теориялық білім беру, ғылыми-зерттеу жұмысы, сондай-ақ ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет бағыттарындағы ұйымдарда өндірістік практикадан және академиялық ұтқырлықтан өту барысында қалыптасқан білімдерге, біліктерге және құзыреттерге негізделеді.

3.5 Оқу барысында алынған білімдер, біліктер мен құзыреттер осы ғылыми жұмыста өз көрінісін табуға тиіс. Магистрлік диссертацияны орындау барысында білім алушылар тиісті бағыт бойынша жан-жақты даярлықты талап ететін дербес ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын меңгергенін, арнайы ақпаратты кәсіби деңгейде баяндау, өз көзқарасын дәлелдеу және қорғау қабілетін көрсетуі тиіс.

3.6 Магистрант:

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»		
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026
			Нұсқа:2 Парақ 5 19-дан

3.6.1 ғылыми-зерттеу қызметі барысында туындайтын және тереңдетілген кәсіби білімді талап ететін міндеттерді тұжырымдай және шеше білуі;

3.6.2 нақты зерттеудің міндеттеріне қарай қажетті зерттеу әдістерін таңдай білуі, қолданыстағы әдістерді жетілдіруі және жаңа әдістерді әзірлеуі;

3.6.3 эмпирикалық материалды жинақтай, жүйелей және теориялық тұрғыдан пайымдай білуі;

3.6.4 алынған нәтижелерді өңдей, талдай және қолда бар әдеби деректерді ескере отырып, оларды пайымдай білуі;

3.6.5 заманауи акпараттық технологияларды пайдалана отырып, библиографиялық жұмысты жүргізе білуі;

3.6.6 нормативтік дереккөздермен және ғылыми әдебиеттермен өз бетінше жұмыс істеу үшін қажетті деңгейде шет тілдерін меңгеруі;

3.6.7 жүргізілген зерттеудің нәтижелерін қолданыстағы талаптарға сәйкес ресімделген жазбаша жұмыс түрінде, заманауи редакциялау және басып шығару құралдарын пайдалана отырып ұсынуы тиіс.

4 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ ОРЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

4.1 Магистрлік диссертацияның тақырыбы өзекті болуы, ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай-күйіне, әлемдік ахуалға және Қазақстан Республикасының, сондай-ақ басқа мемлекеттердің ел, сала немесе өңір даму перспективаларына сәйкес келуі, нақты міндеттер мен проблемаларды ескеруі тиіс.

4.2 Білім алушы бітіруші кафедра ұсынатын магистрлік диссертацияның тақырыбын таңдайды. Тақырып Ғылыми кеңестің отырысында қаралады және талқыланады, сондай-ақ «ҚДСЖМ» ҚМУ» ЖШС Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

4.3 Тақырыпты таңдау кезінде білім алушы белгілі бір проблемаға өзінің практикалық және ғылыми қызығушылығын, болашақ жұмысының сипатын немесе ғылыми және кәсіби қоғамдастықтың ұсынымдары мен тілектерін ескеруі тиіс. Білім алушы кафедраға ұсынылып отырған тақырыпты әзірлеудің орындылығы туралы егжей-тегжейлі негіздеме ұсынады.

4.4 Тақырыпты таңдаудың негізгі критерийлері: өзектілігі, теориялық базаның болуы, оны кафедрада орындау мүмкіндігі және зерттелетін кәсіпорыннан, ұйымнан қажетті акпаратқа қолжетімділік, тақырыптың таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкестігі, зерттеу нәтижелерін енгізу мүмкіндігі болуы тиіс.

4.5 Магистранттың ғылыми жетекшісі мен зерттеу тақырыбы «ҚДСЖМ» ҚМУ» ЖШС Ректорының бұйрығымен оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде бекітіледі.

4.6 Магистрлік диссертацияны білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келетін және магистранттың білім беру бағдарламасы бойынша тиісті ғылым саласында ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын ғылыми жетекші жалпы басшылықпен орындайды.

4.7 Қажет болған жағдайда сабақтас ғылым салалары бойынша ғылыми консультанттар тағайындалуы мүмкін.

4.8 Ғылыми жетекші магистрлік диссертацияның орындалу барысын жекелеген кезеңдер бойынша тексереді, магистрантқа туындайтын барлық проблемалар мен мәселелер бойынша консультация береді, жұмыстың сапасын тексереді және жұмыс аяқталғаннан кейін оған жазбаша пікір ұсынады.

4.9 Магистрлік диссертация әрбір тақырыпқа катысты арнайы әдебиеттерді, анықтамалық құралдарды, құқықтық актілерді, эмпирикалық құжаттарды, республикалық және өңірлік деңгейлердегі, салалардағы, ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»	
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары
		СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026 Нұсқа:2 Парақ 6 19-дан

орталықтардағы статистикалық, жоспарлық және есептік деректерді, сондай-ақ інетелдік жарияланымдарды терең әрі жан-жақты зерделеу негізінде орындалады.

4.10 Бастапқы материалдар жинақталып, жүйеленуге, әртүрлі әдістердің көмегімен мұқият өңделуге және кестелер, графиктер, диаграммалар немесе сызбалар түрінде ұсынылуға тиіс. Сандық көрсеткіштер мен фактілер талданатын проблеманың қазіргі жай-күйін дұрыс әрі объективті түрде көрсетуі тиіс.

4.11 Магистрлік диссертацияның негізгі мәтіні шығармашылық тұжырымдаманы, пайдаланылатын зерттеу әдістерінің негіздемесін, қабылданған есептеу әдістері мен жүргізілген есептеулерді, әдетте компьютерлік технологияларды қолдана отырып орындалатын есептеулерді, жүргізілген ғылыми зерттеудің сипаттамасын, олардың талдауы мен нәтижелері бойынша қорытындыларды қамтуы және иллюстрациялармен, графиктермен, диаграммалармен, сызбалармен және т.б. сүйемелденуі тиіс.

4.12 Магистрлік диссертация автордың өзі жеке орындауы тиіс, автордың жария қорғауға ұсынатын жаңа ғылыми нәтижелері мен тұжырымдарының жиынтығын қамтуы, ішкі біртұтастыққа ие болуы және автордың ғылым мен практикаға қосқан жеке үлесін көрсетуі тиіс. Автор жасаған қорытындылар мен ұсынған ұсынымдар қатаң түрде дәлелденуі қажет.

4.13 Магистрлік диссертацияны орындауға қойылатын жалпы талаптарға: оның құрылымының айқындығы; материалды баяндаудың логикалық бірізділігі; материалды дәлелдеу мен негіздеудің сенімділігі және шынайылығы; жұмыс нәтижелерін субъективті және екіұшты баяндау мүмкіндігін болдырмайтын тұжырымдардың қысқалығы мен нақтылығы; жұмыс нәтижелерін нақты баяндау; қорытындылардың дәлелділігі және автордың ұсынымдарының (ұсыныстарының) негізділігі жатады.

4.14 Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері ҚА-да ресми қорғауға дейін ашық баспасөзде кемінде екі жарияланымда жариялануы тиіс, оның ішінде:

- кемінде бір ғылыми мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынған басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми журналда жариялануы тиіс (2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енеді);
- кемінде бір жарияланым – отандық немесе шетелдік ғылыми басылымда не ғылыми (ғылыми-практикалық) конференция материалдарының жинағында жариялануы тиіс. Осы тармақтың талаптарын орындау кезінде «Интернаука» баспасының журналдарында жарияланған мақалалар есепке алынбайды.

4.15 Магистрлік диссертацияны жазу барысында ізденуші материалдарды немесе жекелеген нәтижелерді алған авторға және дереккөзге міндетті түрде сілтеме жасауы тиіс.

4.16 Баяндау стилі әдеби және ғылыми болуы тиіс, ауызекі сөздерді қолдануға, кәсіби терминдерді олардың тұрмыстық баламаларымен алмастыруға жол берілмейді. Ғылыми баяндау негізінен зерттеу нәтижесінде анықталған шындық фактілері мен эмпирикалық материалдардың дұрыстығын дәлелдеуге бағытталған пайымдаулардан тұрады. Ғылыми мәтін мағыналық аяқталғандықпен, тұтастықпен, байланыстылықпен, пікірлердің дәлелділігімен және келтірілген деректердің нақтылығымен сипатталады. Әдетте магистрлік диссертацияны жазу кезінде баяндау бірінші жақтың көпше түрінде («Біздің пайымдауымызша», «Біздің ойымызша») немесе үшінші жақтан («Автор қажетті деп санайды», «Автордың пікірінше») жүргізіледі.

4.17 Магистрлік диссертацияның әдіснамалық дұрыстығы төмендегі дағдылардан тұрады:

4.18.1 зерттеу қызметі барысында туындайтын және тереңдетілген кәсіби білімді талап ететін міндеттерді тұжырымдай және шеше білу;

4.18.2 аталған проблемаға сәйкес келетін зерттеу объектісі мен пәнін айқындай білу;

4.18.3 нақты зерттеудің міндеттеріне қарай қажетті зерттеу әдістерін таңдай білу, қолданыстағы әдістерді жетілдіру және жаңа әдістерді әзірлеу;

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»		
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026
			Нұсқа:2 Парақ 7 19-дан

4.18.4 эмпирикалық материалды жинақтай, жүйелей және теориялық тұрғыдан пайымдай білу;

4.18.5 алынған нәтижелерді өңдей, талдай және қолда бар әдеби деректерді ескере отырып, оларды пайымдай білу;

4.18.6 заманауи акпараттық технологияларды пайдалана отырып, библиографиялық жұмысты жүргізе білу;

4.18.7 нормативтік дереккөздермен және ғылыми әдебиеттермен өз бетінше жұмыс істеу үшін қажетті деңгейде шет тілдерін меңгеру;

4.18.8 алынған нәтижелердің дұрыстығын негіздей білу;

4.18.9 алынған нәтижелерді теориялық және практикалық тұрғыдан пайдалану мүмкіндігін айқындай білу;

4.18.10 жүргізілген зерттеудің нәтижелерін қолданыстағы талаптарға сәйкес ресімделген жазбаша жұмыс түрінде, заманауи редакциялау және басып шығару құралдарын пайдалана отырып ұсына білу.

4.19 Магистрлік диссертация ішкі біртұтастыққа және алынған нәтижені негіздеудің логикалық жүйесіне ие болуы тиіс.

5 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

5.1 Диссертацияның құрылымдық элементтері мыналар болып табылады:

- титулдық бет;
- мазмұны;
- нормативтік сілтемелер (қажет болған жағдайда);
- анықтамалар (қажет болған жағдайда);
- белгілер мен қысқартулар (қажет болған жағдайда);
- кіріспе;
- негізгі бөлім (бөлімдер мен бөлімшелерді қамтиды);
- қорытынды (тұжырымдар);
- практикалық ұсынымдар;
- пайдаланылған дереккөздер тізімі;
- қосымшалар (қажет болған жағдайда).

5.2 Титулдық бет магистрлік диссертацияның бірінші беті болып табылады және құжатты өңдеу мен іздеу үшін қажетті акпарат көзі ретінде қызмет етеді. Ол магистрлік диссертация беттерінің жалпы нөмірленуіне енгізіледі, алайда титулдық бетке бет нөмірі қойылмайды. Титулдық бет 1-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

5.3 Магистрлік диссертацияның мазмұны кіріспені, барлық бөлімдер мен бөлімшелердің реттік нөмірлері мен атауларын, қорытындыны, пайдаланылған дереккөздер тізімін және қосымшаларды (бар болған жағдайда) қамтиды. Бұл ретте жұмыстың аталған элементтері басталатын беттердің нөмірлері көрсетіледі. Магистрлік диссертацияның мазмұны 2-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

5.4 «Нормативтік сілтемелер» құрылымдық элементі магистрлік диссертацияның мәтінінде сілтеме жасалған стандарттар мен нормативтік құжаттардың тізбесін қамтиды. Сілтеме жасалған нормативтік құжаттардың тізбесі мына сөздерден басталады: «Осы магистрлік диссертацияда мынадай нормативтік-құқықтық актілерге (бұйрықтарға, шешімдерге) сілтемелер пайдаланылды».

5.5 «Анықтамалар» құрылымдық элементі магистрлік диссертацияда терминдерді нақтылау немесе белгілеу үшін қажетті анықтамаларды қамтиды. Анықтамалар тізбесі мына сөздерден басталады: «Осы магистрлік диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады».

5.6 «Белгілер мен қысқартулар» құрылымдық элементі магистрлік диссертацияда қолданылатын белгілер мен қысқартулардың тізбесін қамтиды. Сол жақта қолданылу ретімен

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»		
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026
			Нұсқа:2 Парақ 8 19-дан

немесе әліпбилік тәртіппен қысқартулар, шартты белгілер, символдар, физикалық шамалардың өлшем бірліктері және терминдер, ал оң жақта олардың толық түсіндірмесі беріледі. Белгілер мен қысқартуларды магистрлік диссертацияның мәтінінде кездесу ретімен, қажетті түсіндірмелері мен анықтамаларымен беруге жол беріледі.

5.7 Кіріспе мен қорытынды магистрлік диссертацияның ерекше бөлімдері болып табылады, себебі жұмыстың сапасы туралы пікір негізінен осы бөлімдерге сүйене отырып қалыптасады.

5.8 Магистрлік диссертацияның «Кіріспе» бөлімінде тақырыптың өзектілігін, проблеманың зерттелу дәрежесін қысқаша әрі дәлелді түрде негіздеу, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айқындау, ғылыми жаңалығын, зерттеу пәні мен объектісін көрсету, тақырыптың зерттелу деңгейін сипаттау, зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін, сондай-ақ қорғауға ұсынылатын ережелерді, оның практикалық маңыздылығын және апробациясын (ғылыми жарияланымдардың, конференциялардағы баяндамалардың және т.б. болуы) көрсету қажет.

5.9 Кіріспенің көлемі – 5 бетке дейін.

5.10 Зерттеу тақырыбының өзектілігі шешілетін мәселенің қазіргі жай-күйін бағалауды, тақырыпты әзірлеуге арналған бастапқы деректерді, тиісті ғылым саласын дамыту және практикалық міндеттерді шешу үшін зерттеу жүргізу қажеттілігінің негіздемесін қамтиды. Зерттеу проблемасы – алдағы зерттеу барысында шешілуі тиіс мәселені анықтауға бағытталған ғылыми ізденіс. Кіріспеде проблеманың зерттелу деңгейі айқындалуы тиіс.

5.11 Әдетте зерттеудің мақсаты дұрыс тұжырымдалған тақырыптан туындайды және магистрлік зерттеудің негізгі проблемасын шешуге бағытталады.

5.12 Магистрлік диссертацияның мақсатын негіздей отырып, автор бір сөйлем шеңберінде таңдалған тақырып бойынша барлық зерттеу жұмысы бағытталған мақсатты ұстанымды ашып көрсетуі тиіс. Оған табысты қол жеткізу үшін зерттеу мәселелерінің бүкіл ауқымын ескере отырып, жұмысты дайындау және орындау барысында автор алдында тұрған бірнеше нақты міндетті айқындау қажет. Бұл ретте осы міндеттердің мазмұны, тізбесі және орындалуы магистрлік диссертацияның тиісті бөлімдерінің құрылымы мен атауларына тікелей әсер ететінін ескеру қажет.

5.13 Қойылған мақсатқа сәйкес оған қол жеткізу үшін шешілуі тиіс міндеттер айқындалады. Олар әдетте тұйық етістіктермен басталатын тізім түрінде тұжырымдалады: талдау..., әзірлеу..., қорыту..., анықтау..., дәлелдеу..., енгізу..., көрсету..., әзірлеу..., іздестіру..., табу..., зерделеу..., айқындау..., сипаттау..., белгілеу..., анықтап алу..., формуланы шығару..., ұсынымдар беру..., өзара байланысты белгілеу..., болжам жасау..., даму перспективаларын анықтау... және т.б.

5.14 Міндеттердің тұжырымдалуы нақты болуы қажет, өйткені олардың мазмұны, тізбесі және орындалуы магистрлік диссертацияның тиісті бөлімдерінің құрылымы мен атауларына тікелей әсер етеді.

5.15 Зерттеу объектісі проблема бар және тікелей зерттеуге жататын шынайылықтың нақты бір бөлігі ретінде айқындалады.

5.16 Зерттеу пәні – зерттелетін объектінің зерттеу міндеттерін шешу үшін талдаудың ерекше маңызы бар неғұрлым маңызды қасиеттері (оның бір бөлігі). Бұдан кейін магистрлік диссертацияның практикалық, әдіснамалық, теориялық және ақпараттық негізін көрсету, оның жаңалығын айқындау, зерттеудің теориялық және (немесе) практикалық маңыздылығын негіздеу қажет.

5.17 Магистрлік диссертация нәтижелерінің апробациясы зерттеу нәтижелерінің қандай конференцияларда, кенестерде, семинарларда және басқа да іс-шараларда баяндалғанын көрсетеді. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері олар жүргізілген ұйымдарда қаралуы тиіс (жиналыс хаттамасы, бұйрық, енгізу актісі немесе өзге де құжат түрінде).

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»		
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026
			Нұсқа:2 Парақ 9 19-дан

5.18 Кіріспенің қорытынды бөлімінде жұмыстың құрылымын қысқаша сипаттау қажет. Магистрлік диссертацияның негізгі бөлігі, әдетте, үш бөлімнен тұрады.

5.19 Бөлімдердің мазмұны кіріспеде тұжырымдалған міндеттерге сәйкес келуі және жұмыс тақырыбын дәйекті түрде ашуы тиіс. Магистрлік диссертацияның негізгі мәтінінде зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерге сыни талдау негізіндегі теориялық-әдіснамалық аспектілер, пайдаланылған әдістердің толық сипаттамасы, жиналған практикалық ақпаратты өңдеу нәтижелері, магистрлік жұмысты орындаудың негізгі нәтижелері қамтылуы мүмкін.

5.20 Бөлім өзінің мағыналық мазмұны бойынша оған кіретін бөлімшелердің жиынтық мағыналық мазмұнына дәл сәйкес келуі тиіс. Магистрлік диссертацияның бөлімдері мен бөлімшелерінің тақырыптары оларға катысты мәтіннің мазмұнын нақты көрсетуі қажет. Тақырыпта қысқартылған сөздер мен аббревиатураларды қолдануға болмайды.

5.21 Қорытындыда жалпы жұмыс бойынша ең маңызды тұжырымдар келтіріледі. Қорытындылар кіріспеде тұжырымдалған жұмыстың максаты мен міндеттеріне қатаң сәйкес келуі, сондай-ақ автор қол жеткізген нәтижелердің практикалық және ғылыми құндылығын көрсетуі тиіс. Қорытындыда алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндіктері мен осы ғылыми бағытты одан әрі дамыту перспективалары талқылануы мүмкін. Жұмыста негізгі қорытындылар әрбір бөлімнің соңында берілуі мүмкін, алайда ең маңызды қорытындылар мен нәтижелер дәл қорытынды бөлімінде жинақталуы тиіс.

5.22 Магистрлік диссертацияда қабылданған шешімдерге, барлық деректердің дәлдігі мен объективтілігіне магистрант – зерттеу авторы жауап береді.

5.23 Пайдаланылған дереккөздер тізімі нөмірленген тізбе түрінде беріледі. Жұмыста аталған барлық тұлғалар мен дереккөздер, сондай-ақ зерттеу мәселесіне катысты өзге де әдебиеттер көрсетілуі тиіс.

5.24 Магистрлік диссертацияның негізгі бөлігін жақсы түсіну және түсіндіру максатында оған қосымша сипаттағы және магистрлік диссертацияның жалпы көлеміне әсер етпейтін қосымшалар енгізілуі мүмкін. Қосымшалар негізгі бөлімді қосалқы материалдардың көп мөлшерінен босату максатында енгізіледі.

5.25 Пайдаланылған дереккөздер тізімі жұмысты жазу барысында зерттеу мәселесі бойынша пайдаланылған әдеби және өзге де дереккөздердің қолданылу ретімен берілген нөмірленген тізбесін білдіреді. Жұмыста аталған барлық тұлғалар мен дереккөздер, сондай-ақ зерттеу мәселесіне катысты өзге де әдебиеттер көрсетілуі тиіс. Магистрлік диссертацияның әдебиет көздері кемінде 70 пайдаланылған дереккөзді қамтуы тиіс.

6 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ РӘСІМДЕУ

6.1 Магистрлік диссертацияның көлемі қосымшаларды есепке алмағанда, баспа мәтіні бойынша кемінде 70 бет болуы тиіс.

6.2 Жұмыс компьютерлік технологияларды қолдана отырып, А4 (210×297 мм) форматындағы ақ қағаз парақтарының бір бетіне орындалады және келесі параметрлер қолданылады: қаріп – Times New Roman, кегль – 14, жазылуы – қалыпты, туралауы – ені бойынша, абзацтық шегініс – 1,25 см, жоларалық интервал – бір жолдық.

6.3 Өрістердің мынадай өлшемдері сақталуы тиіс: сол жақ – 30 мм; оң жақ – 15 мм; жоғарғы – 20 мм; төменгі – 25 мм.

6.4 Белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аудару үшін әртүрлі қаріп түрлерін қолдана отырып, компьютерлік мүмкіндіктерді пайдалануға рұқсат етіледі. Магистрлік диссертацияда тегі, мекемелердің, ұйымдардың, фирмалардың атаулары, бұйымдардың атаулары және басқа да жалқы есімдер түпнұсқа тілінде беріледі. Жалқы есімдерді транслитерациялауға және ұйым атауын магистрлік диссертацияның тіліне аударып, алғашқы қолданылған кезде түпнұсқа атауын жақша ішінде көрсетуге жол беріледі.

6.5 Магистрлік диссертацияның беттері бүкіл мәтін бойынша араб цифрларымен

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»	
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу кағидалары
	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026 Нұсқа:2 Парак 10 19-дан	

бірыңғай нөмірленуі тиіс. Бет нөмірі парактың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады. Титулдық бет жалпы нөмірлеуге енгізіледі, алайда титулдық бетке бет нөмірі қойылмайды. Магистрлік диссертация мен оның құрамына кіретін қосымшалардың беттері бірыңғай ретпен нөмірленуі тиіс.

6.6 Жеке парактарға орналастырылған иллюстрациялар мен кестелер магистрлік диссертацияның беттерінің жалпы нөмірленуіне енгізіледі. А3 форматындағы паракқа орналастырылған иллюстрациялар мен кестелер бір бет ретінде есептеледі.

6.7 Магистрлік диссертацияның «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған дереккөздер тізімі» сияқты құрылымдық элементтерінің атаулары беттің ортасына орналастырылып басылады, ал «Қосымша» атауы оң жақ шеті бойынша тураланады.

6.8 Магистрлік диссертацияның бөлімдері мен бөлімшелерінің атаулары құрылымдық элементтердің тақырыптары болып табылады. Олар абзацтық шегініспен, бас әріптен басталып, соңына нүкте қойылмай, асты сызылмай және қалың қаріппен ерекшеленбей басылуы тиіс. Егер бөлімнің немесе бөлімшенің атауы екі сөйлемнен тұрса, олар бір-бірінен нүкте арқылы ажыратылады.

6.9 Магистрлік диссертацияның «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған дереккөздер тізімі» сияқты құрылымдық элементтері, сондай-ақ оның бөлімдерінің атаулары жаңа парактан (беттен) басталуы тиіс. Бөлімнің атауы мен бірінші бөлімше бір жоларалық интервал арқылы ажыратылады. Бір бөлімнің ішіндегі бөлімшелер мәтіннен екі жоларалық интервал арқылы ажыратылады.

6.10 Диссертацияның бөлімдері бүкіл жұмыс шеңберінде араб цифрларымен нөмірленіп, нөмір соңына нүкте қойылмай, абзацтық шегініспен жазылады. Бөлімшелер әрбір бөлімнің шегінде нөмірленеді. Бөлімшенің нөмірі бөлім мен бөлімше нөмірлерінен тұрады және олар нүкте арқылы бөлінеді. Бөлімше нөмірінің соңына нүкте қойылмайды. Бөлімдер сияқты бөлімшелер де бір немесе бірнеше тармақтан тұруы мүмкін.

6.11 Егер диссертацияда бөлімшелер болмаса, тармақтар әрбір бөлімнің шегінде нөмірленеді, ал тармақтың нөмірі бөлім мен тармақ нөмірлерінен тұрады және олар нүкте арқылы бөлінеді. Тармақ нөмірінің соңына нүкте қойылмайды.

Мысал 1 Типтері және негізгі өлшемдері

1.1

1.1.1

1.2

1.2.1

1.3

1.3.1

6.12 Егер бөлім бір ғана бөлімшеден тұрса, бөлімше нөмірленбейді. Егер бөлімше бір ғана тармақтан тұрса, тармақ нөмірленбейді.

6.13 Егер мәтін тек тармақтарға бөлінсе, олар бүкіл диссертация бойынша реттік нөмірлермен нөмірленеді.

6.14 Тармақтар қажет болған жағдайда тармақшаларға бөлінуі мүмкін. Олар әрбір тармақтың шегінде реттік нөмірлермен нөмірленеді, мысалы: 4.2.1.1, 4.2.1.2 және т.б.

6.15 Тармақтар немесе тармақшалар ішінде тізбелер келтірілуі мүмкін. Әрбір тізбенің алдына дефис қойылады немесе құжат мәтінінде тізбедегі бір тармаққа сілтеме жасау қажет болған жағдайда кіші әріп (ё, з, й, о, ч, ь, ы, ь әріптерін қоспағанда) қойылып, одан кейін жақша қойылады. Тізбелерді одан әрі нақтылау үшін араб цифрлары пайдаланылады, олардан кейін жақша қойылады, ал жазба абзацтық шегініспен төмендегі мысалда көрсетілгендей орындалады.

Мысалы: а) _____ б) _____ 1) _____ 2) _____

в) _____

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»	
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары
		СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026 Нұсқа:2 Парак 11 19-дан

6.16 Иллюстрациялар (сызбалар, карталар, графиктер, схемалар, диаграммалар, фотосуреттер) магистрлік диссертацияда олар туралы алғаш рет айтылған мәтіннен кейін тікелей немесе келесі бетте орналастырылуы тиіс. Иллюстрациялар компьютерлік тәсілмен, оның ішінде түрлі түсті түрде орындалуы мүмкін. Магистрлік диссертацияда барлық иллюстрацияларға сілтеме жасалуы тиіс.

6.17 Қосымшалардағы иллюстрацияларды қоспағанда, иллюстрациялар араб цифрларымен бүкіл диссертация бойынша тұтас нөмірленуі тиіс.

6.18 Егер бір ғана сурет болса, ол «1-сурет» деп белгіленеді. «Сурет» сөзі, оның нөмірі және суреттің атауы бір-бірінен сызықша арқылы ажыратылып, жолдың ортасына орналастырылады (сурет пен мәтін арасындағы интервал – 1).

6.19 Иллюстрацияларды бөлім шегінде нөмірлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда иллюстрацияның нөмірі бөлімнің нөмірі мен иллюстрацияның реттік нөмірінен тұрады және олар нүкте арқылы бөлінеді. Мысалы: 1.1-сурет.

6.20 Иллюстрациялар қажет болған жағдайда атауға және түсіндірме деректерге (сурет астындағы мәтінге) ие болуы мүмкін. «Сурет» сөзі мен оның атауы түсіндірме деректерден кейін орналастырылады.



Сурет 1 – Атауы

6.21 Кестелер көрсеткіштерді көрнекі түрде ұсыну және салыстыруды жеңілдету мақсатында қолданылады. Кестенің атауы оның мазмұнын көрсетуі, нақты әрі қысқа болуы тиіс. Кестенің атауы «1-кесте» деген сөздерден кейін сызықша арқылы орналастырылады.

6.22 Кесте ол алғаш рет аталған мәтіннен кейін тікелей немесе келесі бетте орналастырылуы тиіс (мәтін мен кесте, сондай-ақ «Кестенің жалғасы» деген сөздер арасындағы интервал – 1).

6.23 Магистрлік диссертацияда барлық кестелерге сілтеме жасалуы тиіс. Жол саны көп кестені басқа паракка (бетке) көшіруге рұқсат етіледі. Кестенің бір бөлігін басқа паракка (бетке) көшірген кезде «Кесте» сөзі мен оның нөмірі кестенің бірінші бөлігінің үстінгі сол жағында бір рет көрсетіледі, ал келесі бөліктердің үстіне «Жалғасы» сөзі және кестенің нөмірі жазылады, мысалы: «Кесте 1 жалғасы». Кестені рәсімдеу үлгісі:

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»		
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026
			Нұсқа:2
			Парак 12 19-дан

Кесте 1 – Атауы

Көрсеткіштер	Жыл							2016 ж. %	
	2010	2011	2012	2010	2011	2015	2010	2011	
								2014г.	2015г.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Хххххххххх	7399,7	7657,3	7840,6	7901,7	8028,9	8228,3	8415,0	113	102
Хххххххххх	6708,9	6985,2	7181,8	7261,0	7403,5	7631,1	7857,2	117	113

Продолжение таблицы 1

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Хххххххххх	9,3	8,8	8,4	8,1	7,8	7,3	6,6	71	78
Ескерту – Автор дереккөз негізінде құрастырған [10]									

6.24 «Ескерту» сөзі абзацтық шегініспен (1,25 см), бас әріппен, әріп арасы ашық түрде басылып, асты сызылмайды. Магистрлік диссертацияда мәтіннің кестелердің немесе графикалық материалдың мазмұнына түсініктеме немесе анықтамалық деректер қажет болған жағдайда ескертулер беріледі.

6.25 Ескертулер өздеріне қатысты мәтіндік немесе графикалық материалдан кейін тікелей немесе кестенің ішінде орналастырылады.

6.26 Егер ескерту біреу болса, «Ескерту» сөзінен кейін сызықша қойылып, ескерту бас әріппен жазылады. Бір ескерту нөмірленбейді. Егер ескертулер бірігешеу болса, «Ескерту» сөзінен кейін қос нүкте қойылып, ескертулер араб цифрларымен нүктесіз ретімен нөмірленеді. Кестеге қатысты ескерту кестенің соңында, кестенің аяқталуын білдіретін сызықтың үстіне орналастырылады.

6.27 Формулалар мен теңдеулер мәтіннен бөлек жолға шығарылып берілуі тиіс. Әрбір формуланың немесе теңдеудің үстіңгі және астыңғы жағында кемінде бір бос жол қалдырылуы керек. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, оны теңдік белгісінен (=) немесе қосу (+), азайту (-), көбейту (х), бөлу (:) және басқа да математикалық таңбалардан кейін келесі жолға көшіру қажет. Бұл ретте келесі жолдың басында сол таңба қайталанатын.

6.28 Символдар мен сандық коэффициенттердің мәндеріне берілетін түсіндірме формуланың тікелей астында, формуладағы олардың орналасу ретіне сәйкес келтірілуі тиіс.

мұнда, Пт – еңбек өнімділігі;

Нр – тауар айналымының көлемі;

Ч – қызметкерлер саны.

6.29 Формулалар бүкіл жұмыс шеңберінде араб цифрларымен жақша ішінде, бір жолдың ең оң жақ шетіне орналастырылып, ретімен нөмірленуі тиіс. Мәтіндегі формулалардың реттік нөмірлеріне сілтемелер жақша ішінде көрсетіледі. Мысалы – (1) формуласы. Формулаларды бөлім шегінде нөмірлеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда формуланың нөмірі бөлім нөмірі мен формуланың реттік нөмірінен тұрады және олар нүкте арқылы бөлінеді, мысалы: (1.9).

6.30 Библиографиялық тізімді рәсімдеу кезінде МемСТ 7.1-2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері» мемлекетаралық стандарты пайдаланылады. Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер шаршы жақшада беріледі: [1]. Бір дереккөзге бірнеше рет сілтеме жасалған жағдайда шаршы жақшада дереккөздің реттік нөмірімен қатар тиісті бет нөмірі көрсетіледі: [1, 12-б.]. Дереккөздер

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»	
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу кағидалары
		СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026 Нұсқа:2 Парак 13 19-дан

туралы мәліметтер магистрлік диссертацияның мәтінінде сілтеме жасалу ретімен орналастырылады, араб цифрларымен нүктесіз нөмірленеді және абзацтық шегініспен басылады. Пайдаланылған дереккөздерді рәсімдеу үлгілері:

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- 1 Тулегенова Г.С. Биология трансплантированных опухолей. - Алматы: Наука, 2003. - 216 с.
- 2 Ефимов МЛ., Аскарова Г.С. Суточные биологические ритмы и злокачественный рост //Усп. совр. биологии. - 2003. - Т. 103, № 2. - С. 255- 270.
- 3 Пат. 72931 СССР. Способ переработки сырья /Иванов М.И., Малдыбэев Н.К.; опубл. 30.03.83, Бюл. № 12. - 2 с: ил.
- 3 А.С. 386018. СССР. Способ извлечения металлов. /А.Г. Акатаев, Б.И. Петров; опубл 17.05.81, Бюл. № 15, -2с: ил.
- 4 Георгиева Р.С. Изменения в системе свертывания крови у больных злокачественными опухолями //Вопросы экспер. и клин, онкоя.: сб. науч. тр. Института онкологии и радиологии.- Алматы, 2004, - С.214-217.
- 5 Баженов Л.Г., Кулинская ЛЛ., Сорочинская И.Н. Сезонные изменения содержания иммуноглобулинов в крови клинически здоровых лиц. //Тезисы докл. III Всес. конф. по хронобиол. и хрономед. - Ташкент, 1990.-320 с.
- 6 Садыков Л.П., Березовская И.В. Сезонные изменения показателей свертывания крови у крыс и кроликов. Институт ветеринарии. - М.,1989. - 210с. - Деп. в ВИНТИ 13.09-89, № 5853 - В 89.
- 7 Изучение кинетики и химизма процессов: отчет о НИР /ИМиО. АН Каз ССР. - Алматы, 1985.-240 с, - Инв. № 81047478.
- 8 Омарова Г.П. Экспериментальная терапия саркомы Т-1 в зависимости от ее митотической активности: автореф. ... канд. биол. наук.:04.03.04. -М.: МГУ, 2004. -16 с.
- 9 Vaobaspati T., Videnkin A. Evolution of cosmic nets //Phys, Rev, - 2003. - Vol. 46, № 2. - P. 1133-1140.
- 10 Паустовский КГ. Золотая роза //Соч.: В 7 т. - М., 1984. - Т. 3. - С.287-528.
- 11 ГОСТ Р 51771 - 2001. Аппаратура радиоэлектронная бытовая. Входные и выходные параметры и типы соединений. Технические требования. - Введ. 2002-01-01. - М.: Госстандарт Россия: Изд-во стандартов, 2001. - IV, 27с: ил.

6.1 Қосымшалар осы магистрлік диссертацияның жалғасы ретінде оның кейінгі беттерінде рәсімделеді. Қосымшалар орыс әліпбиінің бас әріптерімен, А әріпінен бастап, Е, З, Й, О, Ч, Ы, Ы, Ъ әріптерін қоспағанда, белгіленеді.

6.2 Әрбір қосымша жаңа беттен басталуы тиіс. Беттің жоғарғы бөлігінің ортасына «Қосымша» сөзі және оның белгіленуі көрсетіледі. Қосымшаның тақырыбы «А қосымшасы» деген сөздерден кейінгі келесі жолда мәтінге қатысты симметриялы түрде бас әріппен жазылады, соңына нүкте қойылмайды, асты сызылмайды және қалың қаріппен ерекшелендіріледі. Егер қосымшаның атауы екі сөйлемнен тұрса, олар нүкте арқылы ажыратылады. Егер жұмыста бір ғана қосымша болса, оны белгілеуге рұқсат етіледі. Қосымшалардың беттері магистрлік диссертацияның қалған бөлігімен ортақ тұтас бет нөмірленуін сақтауы тиіс.

6.3 Қосымшада келтірілген иллюстрациялар араб цифрларымен жеке нөмірленеді, бұл ретте цифрдың алдына қосымшаның белгіленуі қойылады. Мысалы: А қосымшасы: Сурет - А1. Қазақстан Республикасы облыстары бойынша 2010–2017 жылдардағы сотталғандар санының динамикасы, мың адам.

6.4 Қосымшада келтірілген кестелер араб цифрларымен жеке нөмірленеді, бұл ретте

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»		
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026
			Нұсқа:2 Парак 14 19-дан

цифрдың алдына қосымшаның әріптік белгіленуі қойылады (3-қосымша).

6.5 Қосымшаларда орналастырылған формулалар әрбір қосымшаның шегінде араб цифрларымен жеке нөмірленуі тиіс, бұл ретте әрбір цифрдың алдына қосымшаның белгіленуі қойылады, мысалы, (B1) формуласы.

7 МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ РӘСІМІ

7.1 Белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген магистрлік диссертация алдын ала талқылау үшін болжамды қорғау күнінен кемінде бір ай бұрын бітіруші кафедраға ұсынылады.

7.2 Магистрлік жоба болжамды қорғау күнінен кемінде бір ай бұрын алдын ала қорғау рәсімінен өту үшін жіберіледі.

7.3 Магистрлік диссертацияны алдын ала қорғау рәсімі ғылыми жетекшінің қатысуымен бітіруші кафедраның отырысында өткізіледі.

7.4 Ғылыми жетекші магистрлік диссертацияға жазбаша пікір береді. Пікірде магистрлік диссертацияны жазу барысында магистранттың зерттеліп отырған мәселе бойынша көрсеткен теориялық білімі мен практикалық дағдылары бағаланады. Сонымен қатар, жұмысты орындау барысында магистранттың дербестік дәрежесі, қорытындылар мен ұсыныстарды негіздеуге қосқан жеке үлесі, магистрлік диссертацияны орындау кестесін сақтауы көрсетіледі. Пікір балдық-рейтингтік әріптік бағамен және магистрлік диссертацияны ҚА-да қорғауға ұсыну туралы қорытындымен аяқталады.

7.4.1 Магистрлік диссертация мақұлданған жағдайда, ғылыми жетекші оған қол қояды және қорғауға жіберу туралы жазбаша пікірімен бірге кафедра меңгерушісіне ұсынады.

7.4.2 Магистрлік диссертация мақұлданбаған жағдайда, ғылыми жетекші оған қол қоймайды және магистрлік диссертацияны қорғауға жібермеу туралы шешімін негіздей отырып, жазбаша пікір береді.

7.5 Егер кафедра меңгерушісі магистрантты магистрлік диссертацияны қорғауға жіберуді мүмкін емес деп есептесе, бұл мәселе аталған магистрант пен оның ғылыми жетекшісінің міндетті түрде қатысуымен кафедра отырысында қаралады. Кафедра отырысының хаттамасы «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖШС Ректорына бекітуге ұсынылады.

7.6 Магистрлік диссертация міндетті түрде рецензиялануға жатады. Бітіруші кафедра қорғауға ұсынған магистрлік диссертация сыртқы және ішкі рецензенттерге рецензиялауға жіберіледі.

7.7 Рецензенттердің тізімін бітіруші кафедраның меңгерушісі ұсынады. Рецензенттің біліктілігі (ғылыми немесе академиялық дәрежесі) қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес келуі тиіс.

7.8 Рецензент рецензияланатын магистрлік диссертацияның негізгі ережелеріне талдау жүргізуге, сондай-ақ тандалған тақырыптың өзектілігін, оны ашудағы тәсілдің дербестігін, ғылыми зерттеу әдістерін қолдана білуін, қорытындылар мен практикалық ұсынымдардың негізділік дәрежесін, алынған нәтижелердің дұрыстығы мен жаңалығын бағалауға міндетті. Жұмыстың оң жақтарымен қатар, оның кемшіліктері де көрсетіледі, атап айтқанда, материалды баяндаудың логикалылығы мен сауаттылығынан ауытқулар көрсетіліп, нақты қателер және т. б. анықталады. Рецензияның көлемі әдетте бір-екі бет мәтінді құрайды. Рецензия балдық-рейтингтік әріптік бағамен және ҚА-да магистрлік диссертацияны қорғауға ұсыну туралы қорытындымен аяқталады. Рецензияға рецензент қол қояды және ол жұмыс істейтін ұйымның мөрімен куәландырылуы тиіс.

7.9 Магистрлік диссертация Нормобақылаудан өткізу және авторы мен дереккөзіне сілтеме жасамай алынған деректердің болуын тексеру («Антиплагиат») рәсімінен өту үшін Ғылым және консалтинг департаментіне беріледі. Жұмыстың түпнұсқалық көрсеткіші кемінде 70 % болуы тиіс. Нормобақылаудың мақсаты – магистрлік диссертацияның құрылымы мен рәсімделуінің осы Қағидада белгіленген нормалар мен талаптарға сәйкестігін тексеру.

7.10 Белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделген, алдын ала қорғаудан сәтті өткен

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»	
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары
	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026 Нұсқа:2 Парақ 15 19-дан	

аяқталған магистрлік диссертацияға ғылыми жетекші қол қояды.

7.11 Алдын ала қорғау рәсімінен сәтті өткеннен кейін, ғылыми жетекшінің оң пікірі, сондай-ақ «қорғауға жіберілді» деген қорытындысы бар ресми сыртқы және ішкі рецензенттердің рецензиялары және магистрлік диссертацияны авторы мен дереккөзіне сілтеме жасамай алынған деректердің болуына тексеру туралы қорытынды (магистрлік диссертацияны плагиатқа тексеру) болған жағдайда, автор магистрлік диссертацияны қорғаудың белгіленген мерзімінен бір күн бұрын ҚА-ға ұсынады.

7.12 Магистрлік диссертацияны қорғау төмендегілер болған жағдайда жүзеге асырылады:

- ғылыми жетекшінің қолы қойылған аяқталған магистрлік диссертацияның болуы;
- ғылыми жетекшінің оң пікірінің болуы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынған басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми журналда кемінде бір ғылыми мақаланың болуы (2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енді);
- отандық немесе шетелдік ғылыми басылымда не ғылыми (ғылыми-практикалық) конференция материалдарының жинағында кемінде бір жарияланымның болуы. («Интернаука» баспасының журналдарындағы жарияланымдар осы тармақтың талаптарын орындау кезінде есепке алынбайды);
- қорғауға ұсыну туралы бітіруші кафедра отырысы хаттамасынан үзінді (кафедра отырысы хаттамасынан үзінді);
- біліктілігі (ғылыми немесе академиялық дәрежесі) магистранттың білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін сыртқы және ішкі рецензенттердің рецензиялары, онда магистрлік диссертацияға жан-жақты сипаттама беріліп, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесін беру мүмкіндігі туралы дәлелді қорытынды жасалады.
- жергілікті этика комиссиясының қорытынды (соңғы) хаттамасынан үзінді

7.13 Магистрлік диссертацияны қорғауға жіберу «ҚДСЖМ» ҚМУ ЖІПС Ректорының бұйрығымен аралық аттестаттау нәтижелері негізінде рәсімделеді. Егер ғылыми жетекші және (немесе) бітіруші кафедра «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды» деген теріс қорытынды берген жағдайда, магистрант қорғауға жіберілмейді.

7.14 Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша теориялық оқытудың толық курсын меңгерген, бірақ ғылыми-зерттеу компонентін орындамаған және магистрлік диссертациясын белгіленген мерзімде қорғамаған магистрантқа келесі оқу жылында зерттеу компонентінің кредиттерін қайта меңгеруге және магистрлік диссертациясын ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

7.15 Магистрлік диссертацияларды қорғау кестесі академиялық күнтізбеге сәйкес бекітіледі.

7.16 ҚА үшін магистрлік диссертацияға берілген пікір мен рецензия әрқайсысы 1 данадан (түпнұсқа) басып шығарылған түрде қабылданады

7.17 Магистранттардың диссертацияларын қорғау Қорытынды аттестаттау (бұдан әрі – ҚА) кезінде оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысқан жағдайда жүзеге асырылады. Қорғауға зерттеу жүргізілген ұйымның өкілдері және басқа да мүдделі тұлғалар шақырылуы мүмкін. Магистрлік диссертацияны қорғау магистранттың қалауына қарай мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жүргізіледі.

7.18 Бір магистрлік диссертацияны қорғау ұзақтығы 50 минуттан аспауы тиіс. Магистрлік диссертацияны қорғау кезінде магистрант ҚА алдында 15 минуттан аспайтын баяндама жасайды. Қорғау қашықтықтан форматта өткізілген жағдайда, баяндаманың ұзақтығы 10 минуттан аспауы мүмкін.

7.19 Магистрлік диссертацияны қорғау сапасын арттыру мақсатында магистрант-

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»		
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026
			Нұсқа:2 Парақ 16 19-дан

түлек ғылыми жетекшінің басшылығымен баяндама дайындайды.

7.20 Баяндаманы дайындау кезінде баяндама мәтіні мен көрнекі материалдардың логикалық бірлігін қамтамасыз ету қажет.

7.21 Баяндама мәтінінде магистрант-түлектің ҚА мүшелеріне үндеуі, магистрлік диссертация тақырыбын таныстыруы, сондай-ақ тыңдаушылардың қызығушылығын оятатын зерттеу идеясы қамтылуы тиіс. Сонымен қатар, баяндамада магистрлік диссертация тақырыбының өзектілігі негізделіп, зерттеудің мақсаты тұжырымдалуы, оның негізгі міндеттері айқындалуы, ғылыми жаңалығы көрсетілуі, жұмысты жүргізу әдістемесі сипатталуы, сондай-ақ енгізуге ұсынылатын іс-шаралар қалыптастырылуы тиіс.

7.22 Магистрлік диссертацияны талқылауға қатысып отырғандардың барлығы сұрақтар қою немесе сөз сөйлеу арқылы қатыса алады. Талқылаудан кейін комиссия хатшысы пікірді (ғылыми жетекші қатысқан жағдайда, ол пікірді өзі жеке баяндауы мүмкін) және рецензияны оқып береді. Пікірде және/немесе рецензияда ескертулер болған жағдайда, магистрант олардың мәні бойынша дәлелді түсініктеме беруі тиіс.

7.23 Қорғау нәтижелері колда бар барлық деректердің жиынтығы бойынша бағаланады, оның ішінде:

- магистрлік диссертацияның мазмұны бойынша;
- магистранттың баяндамасы бойынша;
- қорғау барысында қойылған сұрақтарға магистранттың берген жауаптары бойынша;
- ғылыми жетекшінің магистрантқа берген сипаттамасы бойынша;
- рецензенттің жұмысқа берген бағасы бойынша.

7.24 Магистрлік диссертацияны қорғау нәтижелері бойынша балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға қойылады.

7.25 Магистрлік диссертацияны қорғау нәтижелері жоғары оқу орындарында білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес әрбір магистрантқа жеке хаттамамен рәсімделеді. Магистрлік диссертацияны қорғау нәтижелері ҚА отырысының хаттамасы рәсімделгеннен кейін сол күні жарияланады.

7.26 Қорытынды аттестаттаудан өткен, магистратураның тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын меңгергенін растаған және магистрлік диссертациясын көпшілік алдында сәтті қорғаған білім алушыға ҚА шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» академиялық дәрежесі беріледі және мемлекеттік үлгідегі диплом табысталады.

7.27 Қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушы Ғылым және консалтинг департаментіне қатты мұқабада тігілген магистрлік диссертацияны ғылыми жетекшінің пікірі, ресми сыртқы және ішкі рецензенттердің рецензиялары, диссертациялық жұмыста алынған деректердің болуын тексеру нәтижелері туралы анықтама, нормобақылаудан өткендігі туралы анықтама, Жергілікті этика комиссиясының қорытындысы, үш тілдегі аннотация және магистрлік диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдардың оттискілері қоса берілген түрде ұсынуы қажет.

8 ДИССЕРТАЦИЯНЫ ТЕХНИКАЛЫҚ РӘСІМДЕУ БОЙЫНША САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Диссертацияны техникалық рәсімдеу бойынша сараптама (нормобақылау) жүргізу үшін зерттеу жұмысын ҚДСЖМ «КМУ» ЖШС-не тапсырған кезде төмендегілер ұсынылады:

- жұмыстың *.doc форматындағы электрондық нұсқасы;
- антиплагиат кезеңінен сәтті өткендігі туралы анықтама.

8.2 Диссертациялық жұмысты рәсімдеу бойынша консультация тегін жүргізіледі.

8.3 Диссертацияны техникалық рәсімдеу ақылы негізде – 7 АЕК мөлшерінде, ҚДСЖМ «КМУ» ЖШС-нің есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»	
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары
	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026 Нұсқа:2 Парак 17 19-дан	

9 НӘТИЖЕЛЕРДІ БЕРУ ТӘРТІБІ

Магистрлік диссертацияның техникалық рәсімделуіне жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша белгіленген үлгідегі, ҚДСЖМ «КМУ» ЖШС Ғылым және консалтинг департаментінің директоры қол қойған анықтама беріледі.

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»	
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу кағидалары
		СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026 Нұсқа:2 Парак 18 19-дан

Қосымша 1

Магистрлік диссертацияның титулдық парағын рәсімдеу үлгісі

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ

.....
(Диссертация тақырыбы)

«.....»
(ББ шифры және атауы) білім беру бағдарламасы
бойынша «Медицина ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесін алу үшін

Ғылыми жетекші

А.Ә. Тегі
(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

Қала, жыл

	«ҚДСЖМ» КАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»	
	Ғылым және консалтинг департаменті	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026
	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары	Нұсқа:2 Парақ 19 19-дан

Қосымша 2

Магистрлік диссертацияның «Мазмұны» құрылымдық элементін рәсімдеу үлгісі

Мазмұны

	Нормативтік сілтемелер (қажет болған жағдайда)	3
	Анықтамалар (қажет болған жағдайда)	3
	Белгілер мен қысқартулар (қажет болған жағдайда)	3
	Кіріспе	4
1	Теориялық бөлімнің атауы	7
1.1	Ұғымы және т.б.	7
1.2	Жіктелуі және т.б.	14
1.3	XXXXXXXXXXXXXXXXXXXX	20
2	Талдамалық бөлімнің атауы	25
2.1	Талдау және т.б.	25
2.2	Есептеу және т.б.	35
2.3	XXXXXXXXXXXXXXXXXXXX	45
3	Конструктивтік бөлімнің атауы	55
3.1	Бағыттары және т.б.	55
3.2	Ұсынымдар және т.б.	62
3.3	XXXXXXXXXXXXXXXXXXXX	67
	Қорытынды	72
	Пайдаланылған дереккөздер тізімі	75
	Қосымшалар	77

Ескерту:

1. Магистрлік диссертацияның мазмұны білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын орындау ерекшеліктеріне байланысты құрылуы тиіс.

2. Жұмыстың теориялық, ғылыми-зерттеу, аналитикалық және конструктивтік бөліктерінің құрылымдық арақатынасы (шамамен тең болуы тиіс).

	«ҚДСЖМ» ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСТАНСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ «ВШОЗ»		
	Ғылым және консалтинг департаменті	Магистрлік жобаны/диссертацияны рәсімдеу қағидалары	СМЖ- МЖДРҚ -7.5.1/02-2026
			Нұсқа:2
			Парақ 20 19-дан

Қосымша 3


Магистрлік диссертацияның қосымшасын рәсімдеу үлгісі

Қосымша А

Көрсеткіштердің динамикасы

Кесте 1 – Көрсеткіштердің динамикасы, млрд теңге

Көрсеткіштер	01.01.2008 ж.	01.01.2009 ж.	01.01.2010 ж.	01.01.2011 ж.	01.01.2012 ж.
Xxxx	xxx	xxx	xxx	xxx	xxx
Xxxx	xxx	xxx	xxx	xxx	xxx
Xxxx	xxx	xxx	xxx	xxx	xxx
Xxxx	xxx	xxx	xxx	xxx	xxx
Xxxx	xxx	xxx	xxx	xxx	xxx
Xxxx	xxx	xxx	xxx	xxx	xxx
Xxxx	xxx	xxx	xxx	xxx	xxx
Xxxx	xxx	xxx	xxx	xxx	xxx
Ескерту – Автор дереккөз негізінде құрастырған []					



Сурет 1 – Көрсеткіштердің динамикасы, млрд теңге